

Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай, Көкпекті және Катонқарағай аудандарының кейбір әкімшілік-аумақтық бірліктерін қайта атау туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2013 жылғы 24 маусымдағы № 162 қаулысы, Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2013 жылғы 03 шілдедегі № 12/145-V шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 16 шілдеде № 2993 болып тіркелді.

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, 27-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 11-бабының 4) тармақшасына сәйкес, "Семияр ауылдық округінің, Семияр ауылының және Ново-Николаевка ауылының атауларын қайта атау туралы" Бесқарағай аудандық мәслихатының 2012 жылғы 20 қарашадағы № 8/6-V шешімі және Бесқарағай аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 20 қарашадағы № 466 қаулысы, "Казнаковка селолық округінің және Казнаковка ауылының атауларын қайта атау туралы" Көкпекті аудандық мәслихатының 2011 жылғы 21 маусымдағы № 31-5/12 шешімі және Көкпекті аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 21 маусымдағы № 1118 қаулысы, "Мариногорка селолық округінің және Мариногорка, Московка, Малороссийка ауылдарының атауларын қайта атау туралы" Көкпекті аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 12 шілдедегі № 5-3/3) шешімі және Көкпекті аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 9 шілдедегі № 235 қаулысы, "Катонқарағай ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысына өзгерістер енгізу туралы" Катонқарағай аудандық мәслихатының 2012 жылғы 14 қыркүйектегі № 6/48-V шешімі және Катонқарағай аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 13 қыркүйектегі № 1068 қаулысы негізінде және облыстық ономастика комиссиясының 2011 жылғы 30 қарашадағы № 3, 2012 жылғы 17 қазандағы № 3, 2012 жылғы 27 желтоқсандағы № 4, 2013 жылғы 15 наурыздағы № 1 қорытындыларын ескере отырып Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШТІ** және Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай, Көкпекті және Катонқарағай аудандарының кейбір әкімшілік-аумақтық бірліктері:

Бесқарағай ауданы бойынша:

Семияр ауылдық округі Жетіжар ауылдық округі;

Семияр ауылы Жетіжар ауылы;

Ново-Николаевка ауылы Қарағайлы ауылы;
Көкпекті ауданы бойынша:
Казнаковка ауылдық округі Құлынжон ауылдық округі;
Казнаковка ауылы Құлынжон ауылы;
Малороссийка ауылы Жұмба ауылы;
Московка ауылы Мойылды ауылы;
Катонқарағай ауданы бойынша:
Новоберезовка ауылдық округі Алтынбел ауылдық округі;
Новоберезовка ауылы Алтынбел ауылы;
Огнево ауылы Қаражал ауылы;
Юбилейное ауылы Көкбастау ауылы;
Яры ауылы Егінді ауылы болып қайта аталсын.

2. Осы шешім мен қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Н. Сыдыков

Облыс әкімінің міндетін атқарушы

Н. Сақтағанов

Облыстық мәслихат

хатшысы

Г. Пинчук